

Қазығұрт ауданы
«Аққу» бөбекжай балабақшасы

Бекітемін _____
б/бақша меңгерушісі
Г.Т.Ибраимова



Мерекелік ертеңгілік
Тақырыбы: «Қош келдің жаңа жыл!!!»



Ортаңғы «Еркетай» тобы
Тәрбиешілер: Алтаева К.Ж.
Исамбетова Ж.С.

28.12.2022ж

Құрметті ата-аналар, әріптестер, балдырғандар. Сіздерді жаңа 2023 жылмен шын жүреппен құттықтаймыз. Жаңа жыл бақыт, шаттық, қуаныш, құт-берекесін әкелсін! Келер жыл бәрімізге жемісті жыл болсын.

Кел жаңа жыл
Төрле, төрле жеріме
Құт-береке боп келгейсің еліме,
Үміт артып армандарға аяулы
Шаттығыңа бөлегейсің біздіде

Құрметті ата-аналар, қонақтар жаңа жыл мерекесіне арналған «Қош келдің Жаңа жыл» атты ертеңгілігімізді бастаймыз. Ортаңғы «Еркетай» тобын қарсы алыңыздар!

Флешмоб (Балалардың барлығы шығады)

Димаш:

Жаңа жылым мол болсын
Басқан қадам оң болсын
Төрле, төрле жаңа жыл
Бізге құтты жыл болсын

Аида:

Аспан жерге төгеді
Ақ күмісін уыстап
Жаңа жылда келеді
Бізге қарай жылыстап

Айтұмар:

Қуанып енді
Жаңа жыл келді
Өсетін болдық
Бір жасқа енді

Амина:

Тілеймін мен бар әлемге
Дос көп болсын жаңа жыл
Ата әже, әке, ана
Құтты болсын жаңа жыл

Дарын:

Безендіріп шыршаны
Жыл қуантты баршаны
Той маскарат басталды
Аяз оны басқарды

Жүргізуші: Балалар естідiңдерме бiреу келе жатыр. Көңiлдi әуенмен, Сайқымазақ келедi.

Жүргізуші:

Сәлеметсiңбе Сайқымазақ бiз саған өте қуаныштымыз, төрлет, бiздiң қонағымыз бол.
Сайқымазақ балаларға сыйқыр жасайды. (бiр балаға шарик салып қояды, соны алады,
бiр балаға лента, бiр балаға орамал)

Сыйқыршы ойынды ойнап болып, таңдана шыршаға қарайды. Балалар шыршаның шамдары жанбаптығой. Кәне мен сыйқырлап жағып жiберейiн.

Қуант бiздi таңырқат
Шамдарыңды жарқырат

Балалар қуанып шапалақ ұрады.

Ән: Шырша жыры

Хабиб:

Тамаша, тамаша
Шыршамыз тұр жараса
Басында әсем жұлдызы
Көз тоймайды қараса

Аяулым:

Қала нұр, дала нұр
Құтты болсын жаңа жыл

Әдеміай:

Әкелсін жыл ырыс құт
Әлемде болсын тыныштық
Ән салайық жаңаша
Жаңа жылым тамаша

Мардан:

Жүзімізде күлкі ойнап
Қанаттанды жанымыз
Жаңа жылды бiз тойлап
Шаттанады жанымыз

Жүргізуші:

Сайқымазақ бiздiң жаңа жыл кешімізге Аяз ата мен Қарша қыз келу керек. Балалар сыйлықтар күтiп отыр.

Балалардың бәрі:

Аяз ата келіңіз
Бізге сыйлық беріңіз

Әуенмен Аяз ата мен Қарша қыз келеді.

Аяз ата:

Айналайын ұлдардан
Айналайын қыздардан
Аяз ата Ақша қар
Жетті жолдан қиналған

Қарша қыз:

Аппак қардан жаралдым
Ақ сәулеге орандым
Араға бір жыл салып
Менде сендерге оралдым

Жүргізуші:

Қош келдіңіздер Аяз ата мен Қарша қыз. Алыс жолдан шаршаған боларсыздар.
Отырып демалыңыздар.

Жүргізуші: Ал енді ескі жылымыз Барыс жылымен қоштасып Жаңа жылды қарсы алайық.

Барыс:

1 жыл бойы сендермен
Бірге жүрдім ойнадым
Енді міне балалар
Кезек келді қоштасар

Сау болыңдар балалар! Әуенмен қоян келеді.

Қоян:

Балалар жаңа жыл құтты болсын!

Би: Шырша биі

Аяулым, Сырғалым, Ұлдана, Томирис, Ажар, Адина, Айтұмар

Айзере:

Айналамда ұшып жүр
Ақ мамық қар себелеп
Қалт құлт еткен бейне бір
Ақ қанатты көбелек

С.Адина

Жаңадан тақпақ
Айтамыз жаттап
Жаңа жыл келді
Жаңа жыл аппақ

Жұлдыз:

Ақша қар, ақша қар
Аппақ болып қонасың
Тоса қалсам қолымды
Аппақ болып қонасың

Хансұлтан:

Ақ кырауға малынған
Сақалы да мұртыда
Аяз ата сағынған
Сәлем берді жұртына

Әуенмен ТҮЛКІ келеді

Түлкі:

Мен түлкімін, түлкімін
Тұнып тұрған күлкімін
Бәріңде маған жетпейсің
Алдымнан келсе өтпейсің ля ля ля

Түлкі: Ой бұл жерде не болып жатыр?

Балалар: Жаңа жыл мерекесі болып жатыр

Түлкі: Орманға серуендеп шыққан едім. Мұндағы дауысты есітіп келдім. Ой қоян сен мұнда екенсіңғой- деп қуа жөнеледі.

Осы кезде қасқар кіреді.

Қасқыр:

Түлкі сен дұрыс жасамадың биыл қоян жылы. Менде орманда көжектерді көрдім. Бірақ мен жемедім. Сен қоянға тиіспе, қайта дос болайық.

Би: БАРБАРИКИ

Ахмади-Асылым

Хансұлтан- Аида

Дамир-Інкәр

Дарын- Әдеміай

Айғаным:

Көңілде көп қуаныш

Әр көңілде жақсылық

Кетер жылға мың алғыс

Әкелген көп жақсылық

Ажар:

Шыршамызда керемет

Ойыншықтар тағылған

Алыс жақтан келіп тұр

Аяз ата сағынған

Сырғалым:

Тамаша сый алып

Келді аяз атамыз

Шаттанып қуанып

Шырқап ән айтамыз

Дамир:

Жаңа жыл, жаңа жыл

Сені күттім елеңдеп

Өзіңменен ілесіп

Аяз ата келер деп

Ән: АҚҚОЯН (Қоянмен бірге)

Ахмади:

Жаңа жыл мереке

Бақшамызға келді

Аяз ата бізге

Сыйлықтар берді

Томирис:

Тамаша, тамаша

Қандай қызық қараса

Аяз ата ортада

Би билейді балаша

Іңкәр:

Тамаша сый алып,
Келді Аяз атамыз
Шаттанып қуанып,
Шырқап ән айтамыз.

Б.Асылым:

Жасыл желек жамылған
Асыл моншақ тағынған
Міне сұлу шыршамыз
Көптен күтіп сағынған

Әліби:

Шыршамызда қаншама
Түрлі түсті шырақтар
Күлгін түсті тоқаштар
Жаркыраған алтын бар

Би: Жаңа жыл биі.

Хабиб-Айзере
Дамир-Жұлдыз
Димаш- С.Асылым
Мардан-Әмина
Әліби-Сабина
Дарын-Айда

С.Асылым:

Аяз ата келіп тұр
Бізге сәлем беріп тұр
Сақалының ұзыны-ай
Кесіп алсам шіркін ай

Сабина:

Жаңа жылға сәніміз
Біздің айтар әніміз
Келдің бе аман алыстан
Сәлем, Аяз атамыз!

Арсланхан:

Шыршамызда керемет
Ойыншықтар тағылған
Алыс жактан келіп тұр
Аяз ата сағынған

Ұлдана:

Қала нұр, дала нұр
Құтты болсын жаңа жыл!

Жүргізуші: Ал енді құрметті ата-аналар бүгінгі жаңа жылдық мерекемізге Айгөлек тобының қыздарының орындауында өзбек ұлтының «Олма пішкәндә» биін тамашалаңыздар.

Би: Ұлпа қарлар биі. Қыздардың барлығы.

Флешмоб: Здравствуй, Дедушка мороз!

Аяз ата: Балалар мені қуантып, алыс жерден шаршап келгенде көңілімді көтердіңдер. Барлықтарың ақылды, өнерлі, білімді екенсіңдер!

Жүргізуші: Аяз ата Қарша қыз сіздер балалардың сыйлықтарын қашан бересіздер?

Аяз ата сөзі:

Сыйлықтар таратады.

Жүргізуші: Құрметті ата-аналар, қонақтар жаңа жыл мерекесіне арналған ертеңгілігіміз аяқталды. Жаңа жыл құтты болсын!



